

ТУЫ

ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

Жұма

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Июль айы—жемшөп дайындаудың шешуші кезеңі. Барлық күш-мүмкіншілікпен жұмылдырып, әрбір колхоз, совхоздың кемінде бір жарым жылдық жемшөп қорын жасап алуын қамтамасыз ету—бүгін таңда алда тұрған ең маңызды міндет.

Бір жарым жыл салсын

теген колхоздары ысты мүлде баяу ауданының көп-өп шабу жоспарымен дайындауы ғана орындады.

колхоздары мен дайындауға қолда әлі күнге дейін келеді. Ең алды-аларының өнімді з етілмеген. Жем-дарға күрделі кө-машина- трактор мысы бұл жөнін-ан шарттары да-ғандығын айы-ек. Бұл пікіріміз-нің (директоры ы толық дәлел ТС механизаторла-еңбек өнімділігі бұл МТС механи-ескүндіктер бойы ндықтың шөбін ыды.

мыстағы олқы-өп шабу мен мая-ыстаулар қасына

ЕГІН ЖҰЙНАУ МЕН АСТЫҚ ДАЙЫНДАУҒА МҰҚЫЯТ ӘЗІРЛЕНУ — ӘРБІР ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ШҰҒЫЛ МІНДЕТІ

★ Автомобиль паркі жаңа егіннің астығын тасуға мұқият әзірленсін

Быйылғы жылы «Союзгазоттранс»тың автомобиль тресі дайындау орындарына 10 миллион рұттан аса астық жеткізуі керек. Бұл міндеттің өзі 20 июльге дейін жүк тасыйтын машиналардың барлығын толық жөндеуден өткізуді талап етеді.

«Союзгазоттранс»тың автомобиль тресі мен автомобиль роталарының коллективтері жалпы жыйналыстарда автомобиль паркін әзірлеу жөнінде социалистік көтеріңкі міндеттемелер алып, социалистік жарысқа ұштасқан болатын. Быйылғы жылдың 1 июліне дейін машиналардың техникалық жағынан дайындалуы 79 процент болды. Сонымен қатар, көзір 12 машина күрделі жөндеуден, 22 машина орта жөндеуден өткізілуде.

Бірақ, біздің жұмысымызда әлі де елеулі кемшіліктер бар. Қосалқы бөлшектермен кезінде қамтамасыз етілмегендіктен 40-тан аса автомобильдер істе пайдаланылмай тұр. Сонымен қатар, облыстағы жолдардың ойдағыдай жөндемеуі автомобиль паркінің жұмысына үлкен нұқсан келтіріп отырғаны белгілі.

тексеруді, астықтың мұқият тазалануын ұйымдастыруды мықтап ескергені жөн. Өйткені, сапасыз астықты элеваторларға әкеліп, кейін алып қайту, біріншіден, автомобиль транспортының жұмысын ауырлатса, екіншіден, колхоздар мен совхоздар үшін қосымша шығын болып табылады. Сондықтан колхоз, совхоздардың қоймаларында астықтың мұқият тексерілуін, сапасыз астықтың өңделместен бұрын жөнелтілмеуін ұйымдастыру керек.

Бірқатар элеваторлар өздерінің жандарында кондициясы төмен болғандықтан қабылданбаған астықты тазалау, кептіру үшін арнаулы алаңдар, жабық қырман-дар жабықтауға тиіс. Оларда астық кептіретін, тазалайтын машиналар болуы шарт. Сонда ғана колхоздар мен совхоздардың астық дайындау кезінде едәуір уақытты ұтуына мүмкіншілік туады, мұнымен қатар, автомобиль транспортының жұмысына да едәуір жеңілдік келеді.

Облысымыздағы жүк тасылатын негізгі жолдар, сол сияқты, элеваторлар мен дайындау пункттеріне таяу жердегі жол-

★ Астық қыrmандары туралы

Егін жыйнау мен астық дайындауды ойдағыдай өткізуде астық қыrmандарының зор маңызы бар. Егін орағы жақын-дап қалды. Сондықтан әрбір колхоз бен совхозда астық қыrmандарын салу және жөндеу жұмыстары барлық жағынан тыңғылықты жүргізілуі қажет.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары астық қыrmандарын осы күннен бастап егін орағына әзірлен жатыр. Мысалға Полудень ауданындағы «Путь к социализму» колхозын (председателі Могильный жолдас) алуға болады. Мұнда 5 астық қыrmаны салынып болды. Олардың барлығы дерлік астық қабылдауға толық әзір.

Алайда, облыс колхоздарының көпшілігінде астық қыrmандарын салудың және бұрынғы қыrmандарды жөндеудің жайы өте-мөте нашар. Быйылғы жылы колхоздарда 1700 астық қыrmандары дайындалуға тиіс. Осыған қарамастан колхоздардың басым көпшілігінде астық қыrmандарын салу және жөндеу жұмыстары өте баяу жүргізіліп келеді. Бірқатар колхоздар осы уақытқа дейін бұл жұмыс-

Мал шаруашылығы

Жемшөп молшылығы үшін

Мал азығының кемінде бір жарым жылдық қорын жасау жолындағы социалистік жарысқа ұштасып, «Путь коммунизма» колхозының (Соколов ауданы) мүшелері жемшөп дайындау жоспарын егін орағына дейін толық орындауға міндеттенген болатын.

Көзір пішеншілер өздерінің бұл сөртін әбеймен орындап жүр. Осының нәтижесінде колхоз 5 июльге дейін жемшөп дайындау жоспарын 40 процент орындады.

Мал азығын дайындауда пішеншілер стахановтық еңбектің үлгілерін көрсетуде. Бұл жөнінде ең алдымен машинистерді мысалға алуға болады. Соложенко жолдас —озат машинист. Ол науқан басталғаннан бері смена сайын 24—30 гектар жердің пішенін шауын, күндік норманы ұдайы артығымен орындап келеді.

Еңбек өнімділігін еселеп арттырып жүрген машинистердің бірі —Г. Шукин жолдас. Ол да күндік норманы 150—200 проценттен кем орындамайды. Сменалық тапсырманы ұдайы артығымен орындаудың нәтижесінде ол көзірдің өзінде 400 гектардан астам жердің пішенін шапты.

А. ПОПКОВ.

Комсомолецтердің

Мұнымен бірге, колхоз партия ұйымы пішеншілер арасында социалистік жарысты нақты ұйымдастырып, оның барысын кезінде тексеріп отырады, тәжіристің қорытындысы айгіленіп, жұмыста орын тепкен кемшіліктерді жоюдың жолдарын белгілейді. Озаттардың тәжірибелерін қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктарға жазу арқылы көпшіліктің игілігіне айналдыруға жетіседі. Міне, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының жемшөп дайындауда күрделі табыстарға ие болуының сыры осында.

Алайда, облысымыздың барлық колхоз, совхоздары бірдей жемшөп дайындау жұмыстарын жоғарыда аталған «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозындай ұйымдастырып отыр деп айта алмаймыз. Облысымыздың көптеген колхоз, совхоздары мен аудандарында шөп шабу мен маялау жұмыстары нашар ұйымдастырылып отыр. Шөп шабу мен маялаудың қолайлы мерзімінің өтіп бара жатқанына қарамастан Соколов, Приешім және Бу-

ры жемшөп дайындауда жұмыс істеп жүрген колхозшылар, совхоз қызметкерлері мен МТС механизаторлары арасында социалистік жарыс пен үгіт-бұқаралық жұмысты алда тұрған шаруашылық міндеттермен ұштастыра жүргізуге жетісе білулері керек.

Сол сыяқты, партия, совет ұйымдары, ауылшаруашылық орындары жемшөп дайындауда колхоз, совхоздар мен МТС-терге тиісті көмек көрсетіп, нақтылы басшылық жасаумен бірге, пішеншілердің мәдени-тұрмыстық қажетін тыңғылықты өтеу мәселесіне жете назар аударып отыруға тиіс. Бұл мәселені дұрыс шешуде жемшөп дайындау жұмысын ойдағыдай жүргізуге әсерін тигізеді.

Июль айы—жемшөп дайындаудың шешуші кезеңі. Барлық күн-мүмкіншілікті жұмылдырып, әрбір колхоз, совхоздың кемінде біржарым жылдық жемшөп көрын жасап алуын қамтамасыз ету—бүгін таңда алда тұрған ең маңызды міндет.

Еділ-Жайық каналы аймағындағы тәжірибе егістері

ГУРЬЕВ. (ҚазТАГ). Өздігінен ағатын Сталинград каналы пайдалануға берілгеннен кейін Еспол ауданындағы «Красный Октябрь» колхозының егістік жерлеріне Еділ суы келеді. Қазақ ССР Ғылым академиясының Еділ-Ембі ғылыми зерттеу базасы колхоздың жерінде бұл жерлерде бұрын егілмеген ауылшаруашылық дақылдарын тәжірибе үшін өсіріп келеді. Ғылыми қызметкерлер колхоз тәжірибешілерімен ынталық отырып, бұл дақылдарды өсіру техникасын жергілікті жағдайға лайықтап белгілеуде. Мал азықтық қызылшар-

сөбіз, бақша дақылдары жақсы өсуде. Тұңғыш рет мақта егілді және жеміс бауы отырғызылды. Еспол және Теңіз аудандарының басқа да алты колхозында мақтаның тәжірибе егістері егілді.

Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясы Қазақ филиалының егіншілік институтының Баксай тәжірибелік егістік жерінде қозаның он сорты сыналуда. Қоза кәзірдің өзінде ақ 20-25 сантиметр өсті. Тәжірибе участоктерінде жеміс баулар, жүзім, тағы басқа жемістер гүлдеп тұр.

Жамбылдың санақ техникумының 20 жылдығы

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). ССРО Орталық Санақ Басқармасының Жамбылдағы санақ техникумының құрылғанына 20 жыл толды. Осы уақыт ішінде техникум санақ есебінің екі мың шамалы мамандарын әзірлеп шығарды. Быйыл техникумды

84 жас жігіттер мен қыздар бігіріп шықты. Олар Қазақстанның, Қырғызстанның, Өзбекстанның әртүрлі облыстарына, Қытай Шығысқа, Украинаға, Белоруссияға жұмыс істеуге барады.

үлгісімен быйыл да жаңа астықты қабылдауға әзірлікке ерте кірісті. Қоймаларды жөндейтін құрылысшылар бригадасы ұйымдастырылып, күнделікті жұмыстың нақтылы жоспары белгіленді. Әрбір құрылысшының алған міндеттемені аброймен орындауының нақтылы шаралары қарастырылды.

Осының арқасында элеватор коллективі аз уақыттың ішінде 12 астық қоймасын және автоматты таразыларды, сол

ры мен құрал-жабдықтар комиссиясының қабылдауына өтті. Коллектив бұл табысқа еңбек өнімділігін еселеп арттыру, әрбір жұмысты жаңашылдарша жүргізу арқасында жетті.

Құрылыс жұмысында, әсіресе, Панян жолдастың бригадасы үздік еңбектің үлгісін көрсете білді. Бұлар жаңа астықты қабылдауға әзірлік жұмыстарын элеваторда бірінші болып аяқтап шықты. Мұндай жоғары көрсеткішке Бловин және

Өнім сапасын байқаудың статистикалық әдісі

Өнеркәсіптің алып адымен өркендеуі, еңбек өнімділігінің еселеп артуы кәсіпорындары коллективтерінің алдына өнім сапасының мінсіз болуы жөнінде үлкен талаптар қояды. Ақауды дайын өнімнен ашу, сөйтіп, бір рет дайын болған өнімді екінші рет қайта өңдеуге жіберу—уақытты ұтқызу, көп шығындарға жол беру деген сөз. Әрбір бөлшекте ақаудың пайда бола бастау кезін байқап қалып, оны іс үстінде жоюды қамтамасыз ету керек. Бұл—бақылау ісін тікелей жұмыс орнына жақындату деген сөз. Өнімнің сапасына және технологиялық тәртіпке статистикалық бақылау жасау осы міндетті ойдағыдай шеше алады.

Статистикалық бақылау бойынша өнім сапасының жұмыс орнында тексерілуі—негізгі тәртіп. Жұмыстың барысында бақылаушы дайындалған бөлшектерді іріктеп тексереді де, статистикалық бақылау картасы негізінде график жасап отырады. Бұдан технологиялық процестің тұрақтандырылуын бірден байқауға болады. Сонымен қатар, мұнда станоктың жарамды-жарамсыздығы, құрал-сайманның тозуы белгіленіп отырады. Яғни өнім сапасына әсер ететін барлық жағдайлар көрсетіледі.

Мұндай жағдайда белгілі бір операцияның технологиялық процесін тұрақтандыру мақсатында бақылаушылар жұмысын

үнемі тексеру жүргізетіндей етіп жаңаша ұйымдастыру керек.

Статистикалық бақылауды барлық операцияларда қолдануға болады. Мәселен, шағын двигателдер зауытында бұл әдіс 72 операцияда қолданылып жүр. Жұмыс тәжірибесі осы әдіс негізінде бұл операциялардың барлығында ақаудың мейлінше қысқарғандығын көрсетіп отыр.

Бірақ, статистикалық бақылау өндіріс жұмыстары бірқалыпты жүргізілген жағдайда ғана өте-өте көп пайда келтіре алады. Өнімнің сапасына үздіксіз бақылау жүргізу баптаушының, станокшының (токарь, слесарь) және бақылаушының тығыз бірлесе жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Бірақ, бізде статистикалық бақылау әдісін қолданудың барысында кейбір елеулі кемшіліктерге жол берілді. Бақылауды тікелей жұмыс орнына жақындатуды цех, тіпті завод басшыларының өзі әрбір жұмысшының өнімге өзіндік белгі соғып, қосымша бақылау жүргізбей-ақ қоюға болады деген зиянды практиканы қолдануға дейін барды.

Атақты жаңашыл Александр Чутких жұмысшының өзіндік белгі соғуы көп реттерде өнім сапасының төмендеуіне әкеліп соғатындығын кезінде және дұрыс ашып берді.

Заводтағы шатун жасайтын бригаданың

қытпен саз біржарым е Кәзір элты қабылда қабылдауға дективтің е ты—асты ды мерзімін орындап ш совхоздарға

коллективін шығарушы сонымен қа өнімге өзін ның ақыры мөлшерінің келмеуі сыліп соқты вал жасауд да кездесті. жеке белгі байқауды байқау бөлі

Әрбір ж шекке өзбе салуы техн дірістегі ре көрінді. Ек түрудың өз нында заво айналысаты бар. Олард болмайды.

Жоғарыд барлық опе дедік. Бұл жасаушыла рацияда ос отыр. Оны қажет те. келтіретінді жұмысымы

Шағын д бюросын

Р М Ы С Ы

ІҒЫН Жақсартта берейік

және физ-
иәна бөлесе

комсомол ұйым-
дан, олардың
жете білген
старды тәрбие-
арға жететінді-

лық партия
і комитеті мен
мол ұйымдары-
ап, кездескен
де ашады, ол
лма-қол бас-
теді. ҚК(б)П
у, комсомол
асындағы мә-
ң жайы тура-
аумен бірге,
ерімен тығыз
ұйымдарының


группалық селло-
гия комитетте-
де комсомол
лығы жөнінде
ы секретарьла-
ап, бұл жөні-
ын ұйымдас-
олға қойды.

керек, кейбір
ері комсомол
емкетті қарап,
леді. Бұл жү-
береді. Октя-
еті өзінің бюро-
ында комсомол-
інде мәселелер
а, аудандық
сомол ұйымда-
мен болу себе-
алар қолдана

де елеулі кемшіліктер бар. Осының сал-
дарынан, кейбір комсомол ұйымдарының
басшылары практикалық жұмыс үстінде
теориялық білімдерін, басшылық әдісте-
рін байыта алмай келеді. Мұның өзі ком-
сомол ұйымдарының жұмыс дәрежесінің
төмен болуына әсер ететіні сөзсіз. Полу-
день, Соколов, Преснов аудандық комсо-
мол комитеттерінің секретарьлары Кисе-
лева, Ионоварев, Бабақов жолдастар өзде-
рінің теориялық білімдерін көтеру
ісімен жете шұғылданбайды. Олай болса,
бұл аудандарда комсомол жұмысының қа-
нағаттанғыз ұйымдастырылуына таңдану-
ға болмайды.

Комсомолға партия басшылығының бір
түрі — комсомолецтер мен жастардың
марксистік - лениндік оқуын дұрыс ұйым-
дастыру болып табылады. Бірақ,
өткен оқу жылында бірсыпыра ком-
сомолецтер мен жастар саяси мектептер
мен үйірмелерге тартылмады. Тек бір ға-
на Октябрь ауданында жүзден астам ком-
сомолецтер саяси оқудың ешбір түріне
тартылмады. Ал, Ольгинка, Ново-Покров-
ка, Семишолка селоларында ұйымдасты-
рылған село жастарының кешкі
мектептерінде оқу алғашқы екі- үш
айдан кейін тоқтап қалды. Мамлют және
Преснов аудандарындағы комсомолецтердің
оқуы жөнінде де осыны айтуға болады.

Комсомолецтерді тәрбиелеу — оларды
саяси оқуға қамтумен ғана бітпейді.
Жастарды рухани және дене шынықтыру
жолымен тәрбиелеу партия ұйымдары-
ның әрқашан назар аударып отыратын
мәселесі. Мәдени - ағарту мекемелері — кі-
тапханалар мен клубтар, оқу үйлері мен
қызыл мүйістер және кино- театрлар жас
ұрпақтарға коммунистік тәрбие беру үшін
қызмет етуге тиіс. Дегенмен, мәдени-ағар-
ту мекемелерінің зор мүмкіншіліктері
жастарды тәрбиелеу ісіне сарқа пайдала-



Көкшетау облысындағы Бурабай
орманы өзінің көркемділігімен Қазақстан-
нан тыс алыс жерлерге әйгілі. Бурабай
көлінің жиегіне көптеген санаторийлер ор-
наласқан.

СУРЕТТЕ: «Бурабай» курортының
«Сыйыр» тауыжанындағы қайық станци-
сы.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Колхоз балалар яслилері

Қуйбышев атындағы колхозда (Прие-
шим ауданы) балалар ясли үлкен, жарық
үйге орналастырылған. Ясли үйі таза,
ойыншықтар көп.

Балалар яслиін 5 жылдан бері Т. Руд-
нева жолдас басқарады. Аналар тәрбиеші
А. Герасимова, М. Сапрыгина жолдастар-
ды өздерінің балаларын ойдағыдай күткені
үшін құрмет тұтады.

Колхоз балалар яслиінде колхозшылар-

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 9 июль. (СОТА). Корей Ха-
лық Демократиялық Республикасы Ха-
лық армиясының Бас командованиесі бү-
гін Корей Халық армиясының құрамалары
қытай халық еріктілері бөлімдерімен бір-
лесіп, майданның жекелеген участоктерін-
де американ- ағылшын интервенттері мен
лисыманшыл әскерлерге қарсы қорғаныс
ұрыстарын жүргізді, дұшпанды адам кү-
ші және техника жағынан үлкен шығын-
дарға ұшыратты деп хабарлады.

Батыс майданда дұшпан танктер және
артиллерияның қолдауымен Халық армия-

сының шептеріне қарсы бірнеше рет ата-
калар жасады. Алайда, шығындарға ұшы-
ратылып, жау шегіндіріліп тасталды.

Шығыс майданда Пенамдон ауданында
дұшпан 10-нан аса атакалар жасады. Ата-
калардың барлығы да тойтарылды.

Бүгін Халық армиясының зениттік ар-
тиллериясы және жау самолеттерін аңдып
атқыштар отрядтары Шығыс және Батыс
жағалаулардағы аудандардың үстінен
дұшпанның бірнеше самолетін атып түсір-
ді.

Кореяда уақытша бітім туралы келіссөздер жөнінде

ПЕКИН, 8 июль. (СОТА). Синьхуа
агенттігінің арнаулы тілшісі Кэсоннан мы-
надай хабар берді:

Бүгін, уақытша бітім жасау туралы
келіссөздер жүргізуші делегациялардың
бесінші жабық мәжілісі — өткен жылғы 10
июльде уақытша бітім туралы келіссөздер
басталғаннан бергі 99- кең мәжілісі өткі-
зілді.

Мәжілістің ешқандай нәтижесі хабарлан-
ған жоқ, өйткені, мұнан 4 күн бұрын,
генерал Нам Ир екі жақтың қолындағы
барлық соғыс тұтқындарын еліне қайтару
жөніндегі 51- параграфтың тұжырымын
қабылдауға ризалық білдіргеннен кейін,
уақытша бітім туралы келісім жобасының
барлық 63 параграфы бойынша келісілген
болатын, Кореяда уақытша бітім жасау
туралы келіссөздерде тек бір ғана мәселе
— өткен жылғы 18 декабрьде екі жақ бір-
біріне тапсырған соғыс тұтқындарының
тізімдерін тексеріп, оларда 51- және 52-
параграфтарда белгіленген принциптерді
үйлестіру туралы мәселе ғана шешілген
жоқ. Бұл параграфтар барлық соғыс тұт-
қындарын қайтадан бейбіт тұрмыс бас-
тауы үшін еліне қайтаруды көздейді.

Апрельдегідей, кәзірде де келіссөздер

рине тиімді мөлшеріне неғұрлым жақын
болатынын хабарлады. Алайда, 100 мың
соғыс тұтқынын, оның ішінде 15.000-нан
астам қытай соғыс тұтқындарын тоқта-
тып қалдыру туралы біржақтылық талап
қоюдың нәтижесінде олар жоғарыда кэр-
сетілген цифрды есептен шығарып таста-
ды. Екінші жақ небары 5.000 қытай со-
ғыс тұтқындарының еліне қайтарылаты-
нын көрсетті. Бұл тиімсіз талап келіссөз-
дерді тұйыққа кездестірді, келіссөздер екі
айдан артық уақыт бойына осы тұйықтан
шыға алмай келді.

Екінші жақ мынадай тиімсіз талап қо-
юымен келіссөздерді тағы да зор қауіпке
кездестіретіні айқын болды. Генерал Нам
Ир келіссөздерді ойдағыдай аяқтау үшін
мәселені ымыралықпен шешуді ұсынды.
Ол шет ұлттық соғыс тұтқындарының
бәрі — қытай еріктілері, американ, британ
әскерлері және Біріккен Ұлттар Ұйымы-
ның қарулы күштері қатарындағы басқа
әскерлер жаңадан бейбіт құрылыс бастау
тындай болып еліне қайтарылуға тиіс деп
ұсыныс енгізді. Тұрған мекені өздерін
тұтқында ұстап отырған жақтың аудандары-
нда емес, корей соғыс тұтқындары
еліне қайтарылуға тиіс, ал, тұрған меке-

ды.

Жақында Ленин аудандық партия комитеті Қазақстанның 30 жылдығы атындағы колхоздың әйелдер Советінің жұмысын жақсартудың шараларын белгіледі.

сыйырдан 1700- 1800 литрден сүт сауып, міндеттемелерін ароймен орындады. Быйыл жас сауыншылар әрбір сыйырдан 1900 литрден сүт алу үшін күресуде.

Петропавлдың 200 жылдығына

Петропавл Ұлы Отан соғысы жылдарында

1941 жылғы 22 июнде фашистік Германия біздің елімізге опасыздықпен түн жамылып тап берді. Бүкіл Совет халқымен бірге Петропавл қаласының еңбекшілері де жауға қарсы күреске көтерілді. Отанымыздың тәуелсіздігі мен бостандығын қорғау жолындағы күреске Петропавлдың еңбекшілері өзінің көптеген таңдаулы ұл- қыздарын аттандырды. Тылда қалғандары жеңіс мүддесі үшін жанкыярлықпен еңбек етті.

Бір сөзбен айтқанда, қаланың өнеркәсіп орындарының, транспорты мен мекемелерінің барлық жұмысы майдан мүддесіне сәйкес қайта құрылды.

1941 жылы ет комбинатының жұмысшылары Ғалиев, Пекеев, Табылдинова, теміржолшы Волков еңбек өнімін 600 процентке дейін жеткізді. Комбинаттың 50-ден астам жұмысшылары өндірістік тапсырмаларын 200-ден 500 процентке дейін орындап отырды. 1941 жылдың программасын ет комбинаты белгіленген мерзімнен 3 ай бұрын, тігін фабрикасы 1 ноябрьге дейін, былғары заводы, аяқкіім фабрикасы және днірмендер 1 декабрьге дейін орындады. 1941 жылдың аяғында Петропавл станциясы бойынша вагондардың орта тәуліктік жүрісі соғыстан бұрынғы мөлшермен салыстырғанда үш есе артты.

Қаланың өнеркәсібіне көмектесу үшін

сан- мындаған адам қатысқан бірнеше рет жаппай жексенбіліктер өткізілді. Барлық кәсіпорындарында, мекемелер мен оқу орындарында әскери оқулар ұйымдастырылды. Онда адамдар соғыс өнеріне үйреніп, белгілі курстардан өтуде болды. Қалалық осовахиим ұйымы соғыстың алғашқы айларында мыңнан астам мергендер, пулеметчиктер, мотоциклистер мен телеграфистер даярлады. Қала халқы әуе шабуылына қарсы және химиялық қорғану жөніндегі шаралармен танысты.

Қала еңбекшілерінен ел қорғау қорына ақшалай қаражат үздіксіз түсіп жатты. Соғыс жылдарында петропавлдықтар Отан қорғау қорына бірнеше ондаған миллион сом қаржы берді. Петропавлдықтар «Қазақстан колхозшысы» атты танк колоннасы құрылысына үш миллион сомнан артық ақша жыйнады.

Соғыстың алғашқы жылдарында Петропавлға орталық облыстардан көшіп келген бірнеше заводтар орналасты. Оларды дереу орналастырып, майданға қажет нәрселерді тоқтаусыз өндіру керек болды. Кейбір көшіп келген кәсіпорындары 1941 жылдың аяғының өзінде-ақ алғашқы өнімді бере бастады. Жаңа көшіп келген заводтардың өндірісін жолға қоюмен бірге, жаңадан кәсіпорындары салынды. Соғыс

жазғы маусымға жеткіліксіз әзірленді.

Бюро мәжлісі Шегөлев және партия ұйымының секретары Зарипова жолдастарды сауда жұмысындағы кемшіліктерді дереу жоюға міндеттеп, қаулы алды.

жылдары қуатты орталық электр станциясы, нан комбинаты, спирт комбинаты, шойын құю заводы, темекі фабрикасы, шағын двигательдер заводы және қалалық темір жол веткасы салынды.

1942 жылы ет комбинатының коллективі Бүкілодақтық социалистік жарыста үздік шығып, ССРО ет-сүт өнеркәсібі халық комиссариаты мен кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің ауыспалы Қызыл Туына ие болды. 1942 жылы ет комбинаты, сыра заводы, темір жол торабының кейбір бөлімшелері жылдық тапсырманы артығымен орындады.

Қалалық партия ұйымы таңдаулы жұмысшылар мен интеллигенцияның алдыңғы қатарлы өкілдерінің есебінен едәуір өсті. Соғыстың алғашқы бір жарым жылының ішінде партияға 1500-ден аса адам қабылданды. Совет Армиясының Ұлы Отан соғысы майдандарындағы және әсересе, Сталинград түбіндегі жеңісі еңбекшілердің қуанышы мен өндірістік жаңа өрлеуін тудырды. Қаланың еңбекшілері жеңіс күрметіне еңбек қарқынын еселеп арттыра түсті. Қалада өндірістік тапсырмаларын асыра орындайтын жұмысшылардың, бригадалардың, цехтар мен кәсіпорындарының саны көбейе берді. Сондай озат кәсіпорындарының бірі — А. И. Микоян атындағы ет комбинаты 1943 жылы өндірістік табысы үшін Мемлекеттік Қорғау Комитетінің ауыспалы Қызыл Туын алды.

Орталық электр станциясының құрылысшылары да 1944 жылы июльде стахановтық жұмысы үшін Мемлекеттік Қорғау

жөніндегі жаңа кітаптар сатып алынды.

Сонымен бірге, кітапханадан кітап алып оқушылардың қатары да артуда. Кәзір оның тұрақты кітап алып оқушылар саны 400 адамға жетті.

Комитетінің ауыспалы Қызыл Туын алды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында қол жеткен табыстары атап көрсетіліп, үздік шыққан кәсіпорындары және жеңіс мүддесі жолындағы жанкыярлық еңбегі үшін Совет Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер Петропавлда көптеп саналды.

Петропавлдықтар тылда осылай жанкыярлықпен еңбек етсе, олардың майданға аттандырған ұл-қыздары да Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы ұрыстарда табандылықтың, ерлікпен батырлықтың тамаша үлгілерін көрсетті. Жүздеген петропавлдықтар неміс-фашист басқыншыларға қарсы ұрыстарда ерлік көрсеткені үшін ұлы Сталиннің алғысына лайық болды, Совет Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталды. Олардың ішінде Петропавл қалалық байланыс мекемесінің бұрынғы қызметкері Ескендір Дәуітовке Совет Одағының Батыры деген жоғары атақ берілді.

Большевиктік партияның, совет үкметінің кеменгер көсеміміз және қолбасшымыз ұлы Сталиннің данышпандық басшылығы мен бүкіл совет адамдарының қажырлылығы арқасында фашистік Германия мен империалистік Жапония талқандалып, совет халқы бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңіске жетті. Біздің Петропавл қаласының еңбекшілері де көп ұлтты совет халқының бұл ұлы жеңісіне өз үлесін қосты.

К. УШКОВ, облыстық музейдің директоры.

002851	41*)	25.0
003156	1—50	4
003237	11*)	5.0
003413	34*)	5.0
003513	32*)	5.0
003742	1—50	4
003949	1—50	4
004125	35*)	5.0
004137	1—50	4
004181	1—50	4
004227	38*)	5.0
004281	1—50	4
004343	1—50	4
004586	15*)	50.0
004734	1—50	4
004822	1—50	4
004841	09*)	5.0
004950	1—50	4
005497	1—50	4
005836	1—50	4
005939	12*)	10.0
006442	1—50	4
006475	1—50	4
006834	1—50	4
006921	1—50	4
007035	1—50	1.00
007383	50*)	10.00
007402	25*)	5.000
007610	1—50	400
007817	1—50	1.000
008356	39*)	5.000
008367	1—50	400
008446	1—50	400
008607	43*)	5.000
008678	1—50	400
009177	1—50	400
009202	1—50	1.000
009356	1—50	400
009450	26*)	5.000
009638	1—50	400
009896	15*)	5.000
009941	1—50	400
010094	1—50	1.000
010168	42*)	5.000
010309	1—50	400
010375	32*)	5.000
010380	1—50	1.000
010512	50*)	25.000
010776	1—50	400
010796	1—50	400
010804	46*)	5.000
010832	37*)	5.000
010854	01*)	5.000
011110	01*)	10.000
011220	41*)	10.000

*) Осы сериялық шықты.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс